



МУРАТ БЕКЕЙ

АРУАНА-ҒҰМЫР



МҰРАТ БЕКЕЙ

Аруана - тұмсыр

елке
БАСПАСЫ

2006

ББК 84 Қаз 7-5

~~БЗ4~~

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

БЗ4 Бекей М.

Аруана-ғұмыр. Өлеңдер мен толғаулар.

— Алматы, “Өлке”, 2006. — 80 бет

ISBN 9965-742-82-0

Омірінің 42 жылын Қарақалпақстан мен Ташкентте өткізген Мұраттың жырларынан сағыныштың, сұлулыққа іцкәрлік пен нәзіктіктің, биік адамгершілік, азаматтық мұраттың лебі еседі. Кезінде өлеңдері мен поэмалары топтастырылған «Сұлулық сыры», «Махаббат мекені» атты жинақтары оқырманның ыстық ықыласына бөленген.

Ата жұртты аңсап жеткен автордың “Аруана-ғұмыр” атты бұл кітабы да қазақ поэзиясына үлес қосар дүние боларына сеніміміз кәміл.

ББК 84 Қаз 7-5

Б $\frac{4702250202}{00(05) - 06}$

ISBN 9965-742-82-0

© Бекей М., 2006

© “Өлке” баспасы, 2006

I бөлім

ӨЛЕҢДЕР

ҮНДЕУ

Мен – Адаммын!
Үнімін алғы үміттің,
Сарыны емен сұрапыл жаңғырықтың.
Жайлауына жалғанның аз күн қонақ,
Елшісімін сын артқан мәңгіліктің.

Артық етіп Жаратқан бар әлемнен,
Бөліп берген еншімді кара жерден.
Жаратылыс сыры тұр келбетімде,
Сұлулығын тәңірдің ала келгем.

Ізгілікпен жанымды мен емдедім,
Биігім бар бұйыртқан, тереңдерім.
Жаралама!
Алланың алақаны
Аялаған асыл ғой денем менің.

Ойлап сөйле!
Салмақ бар сөздерінде,
Таңда мақшар тұратын безбенінде.
Былығыңды көрсетпе!
Нұры тұр ғой
Шапағатты иманның көздерімде.

Мен – Адаммын!
Еткенді Хақтан күдік,
Ақыретпен тұратын сақтандырып.
Осыны ұқ та,
Кетерде салтанатпен
Мекеніме сал мені аттандырып.

ЕРКІНДІК
немесе
ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫНДАҒЫ ЖЫР

Еркіндік құсы қанатын жайған таңдағы,
Есімінен кетпес сиқырлы ырғақ саздағы.
Өзекті өртей жалынды күй боп маздады,
Осынау таңды аңсаған елдің арманы.

Сайраған таңды-таңдарға ұрып баулардан,
Әнінен құстың ерекше серпін аңғарғам.
Өзендер толқып,
Әрқашанғыдан мөлдірлеу
Ағылды сулар жылғалар менен сайлардан.

Бағасы артық сан қилы асыл сөзден де,
Көздерде тұнған еркіндік рухын сезгенде.
Кешегім менен бүгінім түсіп безбенге,
Алқынды жүрек даламды еркін кезгенде.

Аспанға еркін арайлы нұрлар өргенде,
Бердім мен ерік көздерден аққан селдерге.
Төзгенмін қалай көлімнен аққу безгенде,
Құдай-ау, олар шынымен қайтып келген бе?!

Көгімнен мынау ғасырлар бойы торлаған,
Қайғының бұлты тарауын күтіп сорлағам.
Далама нұрдан сәулетті күмбез орнаған,
Жарқырап бүгін шуағын төкті ол маған.

Еркіндік-сәби, талпыншы алға, күлімде,
Қадамды нық бас, қиянаттарға сүрінбе!
Күн санап өскін, жаман көздерге ілінбе,
Еркіндік-сәби, жыр жаздым туған күнінде.

ҚАЗАҚ КІМ ДЕСЕҢІЗ...

Бекболат Тілеуханға

Қазақстан!
Сырға бай, ғажап елсің,
Дария, тау, құм, орман, дала көлсің.
Аумағың Нұх пайғамбар кемесі боп,
Ғасырлар тасқынында аға берсін!

«Алла» деген аспанда сарын барда,
Тәкбірінен табиғат жаңылған ба?
Бабалардың терінен тыңайған жер
Өмір нәрін жүгірткен тамырларға.

Даналықпен ежелден құрап келген,
Табарыма сенемін тұрақ төрден.
Күн нұрынан жаралған көсемдерін
Қандай халық алтынға орап көмген?!

Көк түріктен ұғынып дарын күшін,
Сезу керек Күлтегін сағынышын.
Қазығұрттың сырына бойлау керек
Кім екенін қазақтың тану үшін.

Болашаққа тіл қатып асқақ үнмен,
Қарау керек аспанға хақ сеніммен.
Құзырына Иманның құлау керек
Медет тілеп хазірет Иассауиден.

Зұлымдықтар қаншама тістенгенмен,
Мейірімнің мерейі үстем келген.
Күдірет құпиясын іздеу керек
Пір Бекеттің таяғы түскен жерден.

Жұптау керек жүректен суырып ән,
Жықпау керек Ар туын тұғырынан.
Бұқпау керек алдында Ақиқаттың,
Ұрттау керек Намыстың тұнығынан.

Ұшу керек жарыса ұшқан үнмен,
Құшу керек несібе қысқа күннен.
Бұзу керек шектерін шеңберлердің,
Шығу керек жұлдыздар тұсқа күлген.

Тереңінде тылсымның тұғыры шын,
Көрсің көп ғажайып құбылысын.
Көкбөрінің ұранын ұғу керек
Кім скенін қазақтың білу үшін.

Бейхабар шақта адамзат хат қағаздан,
Менің Бабам арманын тасқа жазған.
Қиял емес Күн бейне шаңырақ пен,
Ай мүйізді Арғымақ оқтан озған.

Уақытты тамсантип парасаттан,
ҚАЗАҚ бұл Кеңістікте дара шапқан.
Күш-көлігін керуеннің сайлап алып,
Болашаққа сеніммен бара жатқан

СЕРПІЛІС

Тұяғымын дегенмен арыстардың,
Әх, канша күрестерден қалыс қалдым.
Мен-айбатпен азуын айға білеп,
Атылсам ба деп жүрген арыстанмын.

Көріп келем қаншама дәуір сынын,
Аққу қанға бояса қауырсынын,
Мен – азған адамдарға нысап тілеп,
Көктің жүзін шарлаған қайыршымын.

Кеудесіне сыйып бір шаршы ғалам,
Әрқашан да кең тыныс алсын адам.
Қиянаттар жүректі жараласа,
Мен – мөп-мөлдір қанымын тамшылаған.

Жетер жырдың тұлпарын тұсағаным,
Рухынан бабамның күш аламын.

Мен – жауызға қадалар жебелермін,
Тағы сонша жебеге нысанамын.

Арындаған осылай сәтімде сен:
– Арындасаң арында, ақын, десең
Жүрегімді қолыңа ұстатар ем
Аяп сенен жанымды отырмас ем.

ТҮРКІСТАН мен ТАРИХ

Тарих, тарих ...

Шексіз оның дерегі.

Шексіз өмір – тірегі оның, себебі.

Шексіздіктің тереңінен бұл жалған

Келешекке жалғасумен келеді.

Дамыл таппай сырғиды өмір алға аса

Галактика мұхитының толқыны

Бір-біріне ізетімен жалғаса.

... Қатпа тарих қатпарына үңілем

Шым-шытырық түс көргендей қан жоса

Алыс-алыс дәуірлердің құстары ән

Салған екен бүгінгі

Бағымдағы құс әніне ұқсаған.

Тігілемін тастарға үнсіз

Әулие

Бабаларым қолдарына ұстаған.

Дала – тарих төсіменен көсілген

Ұлан-ғайыр пайғамбарлар көшінде

Тұр ғой ұлы мұра бүгін

Ұрпағы

Қасиеттей санасына көшірген.

Болам риза өткенге де жеткенге,

Демен оны Мединем де, Меккем де.

Анам сүті, Бабам тері аңкиды-ау

Түркістанның топырағын өпкенде.

Белгісіздік түнегінде қақталған,

Біз ашпаған мұнда қанша қатпар бар.

Ұйықтамаған,

Бір сәтке көз ілген ғой
Мұнда рухы алаң болып жатқандар.
Ұлы Рух мәңгілікпен сыналар,
Мәңгі оның күзетінде тұрады Ар.
Келді кезек бізден есеп сұралар
Осы күнді күтуменен тірі Олар.
Әруақтың қашан да ауыр сұрағы,
Есік ашты Әулиелер тұрағы.
Мөлдірейді маржан көзді бұлағы,
Елендейді Тайқазанның құлағы.
Қаншама жыл көрер көзге күйік қып,
Саналарды айрандайын ұйыттық.
Қаншама жыл біздің бітпес күйбеңнен
Назаланды Иассауидей биіктік.

Тоқ езуі ауысқанда күйіске,
Қорқыт болып күніренді күй іште.
Фарабиді, Абылайды туған ел
Көкірегін көтермеуге тиіс пе?!

Қызғалдағым қаулағанмен қырлардан,
Ізгі арманым сағым болды буланған.
Нұрға ынтығып,
Орманында ойлардың
Менің гүлім көлеңкеде бүр жарған.
Жұрт аспанын тұмшалап бір сор қалың,
Атқызғанда үмітпен ел әр таңын,
Тамашалап отырдық біз тарихтың
Парағынан Мономахтың қалпағын.
Шынында да мына өмір саналы
Бәрін ойдың талқысына салады.
Әлі күнге шегеленген миыма
Полтава мен Бородино алаңы.
Біздің батыр бабалардың
«Шетте өскен»
ерліктері қалай шығып кетті естен?
Аңырақай-аңыз құрлы болмады.
Жампоздарым жоңғарменен беттескен.
«Тот баспайды алтынды»

Иә, мақал бар
Ескірмейді Бабам тартқан мақамдар
Туған перзент қана ұға алатын
Сыр шертеді ескі қорған-шаһарлар.
Аяқ жетпес жерге атын шалдырған
Ерен ұрпақ – сана шөлін қалдырған
Бабалардың өр рухы секілді
Мұнаралар – ескерткіш қып қалдырған.
О, даланың қазақ дейтін тұрғыны,
«Менің Ана-тарихым» деп біл мұны?
Түркістан – бұл өткеніңнің шындығы,
Түркістан – құт мекеніңнің кіндігі.
Түркістан бұл алашымның Арысы,
Қарашығы, Қазығұрттай аңызы.
Асан Қайғы армандаған алысы,
Намысыңның туындай әр қарысы.
Ол – Бабалар тектілігі қандағы,
Ол – даналар ойларының салмағы
Түркістанды тәуап етіп аттансаң,
Сапарларың сәтті болмақ алдағы.

АКУЛА

Қамалып ап күдіктің қыстауына,
Амалың жоқ уыңды құспауына!
... Көк Мұхиттың ең алып акуласы
Балықшының құрулы түсті ауына.

Теледидар осыны хабарлады,
Ұмытылды алдымда тағам бары.
Көз алдымда бір алып опат болды,
Леп белгі боп жас тамды жанардағы.

Құрысын мұндай олжа,
Жеңісің де,
Пенделікпен келе алман келісімге!
Біртуары балықтың,
Алыбы екен,
Лайық кой құрметке сол үшін де?!

Күңіренесің,
Келеді күлкің кейде:
Жерден алтын тапқандай қыртың бейне,
Күлімдейді ...
Бұдан да зоры болса,
Жұтар ем деп тамағы бүлкілдей ме?

Астауынан ұсақтың жем жегесің,
Қара бастың күйттесің өңге несің!
... Іріліктен пенделер түнілді ме,
Тірлікте пайдасын көрмегесің?!

ТАҒДЫР

Анталайды өмірде қауіп түрлі,
Адамыңды елемей тауық құрлы.
Сонда да ол шат күлді,
Сауық құрды,
Болашаққа аңсары ауып тұрды.

Жол сілтемей маңдайдың сызығы оған,
Қай қияға салмады ізін адам?
Жалғасуда тіршілік жер бетінде,
Құмырсқа илеуіндей құжынаған.

Мұң болса да басар әр баспалдағы.
Бакыт болды өмірде басты арманы.
Жан жарасын жаңғыртты
Жарқырамай,
Ағып түскен әр жұлдыз аспандағы.

Жоқ та жалған сенбесең,
Бар да жалған.
Үміт оты сөнбеді жанда жанған.
Ар жолынан өрлігі тайдырмады,
Сақтап оны ерлігі қалды ажалдан

АҚАН мен КӨЛ

Ортасында көп көлдің,
Көп өзеннің
Кепкеніне күйемін кенеземнің.
Болмағаннан қадірі қолда бардың
Алынбаған көн көзі тереземнің

Ерек жайға ойымды тұрмын бөліп,
(Көңілімнің күйі ғой бұл күнделік).
Көлмен қалай Ақанның сырласқанын
Келеді де тұрады білгім келіп.
Қинады осы ой қайта-қайта мені:
Табысты деп перімен байтақ елі,
Адасқанын,
Түнекке жол ашқанын
Ұлы мылқау болмаса ...
Айтар еді!

Құласа да асылым сөреден мың,
Бақастықтың тасқынын бөгеген кім?
Бар шүкірлік, әйтеуір,
Болғанына
Жанға медеу қашан да көне жердің.

АҚҚУ - ӘЖЕ

Қайталанбас өр ағыстан аумаған,
Уақыт-күрдим, ғұмырыңды жалмаған.
Ұмытпағам:
Күздің айы. Кешкілік.
Сынық қанат аққу көрдім ауладан.

Балаң ұғым қалай ғана шектелген!
Байғұс құсқа пана табам деп келген,
Ұмтылдым да ... тоқтай қалдым
Әжемнің
Жасты көріп жанарына кептелген.

Нені ойлады – сәбиге бұл қараңғы,
Тебіренген бір кейіпте сол әлгі
Әжем тұрды ...
Сыңар қанат сорлы акку
Қалбандап кеп етегіне оралды.

Бос әуремен өткізді әжем көп күнін.
Сынықшы емі тигізбеді септігін
Қырға апарып сол аккуды жерледік,
Еркелетер әжем-дағы жоқ бүгін.
Безбенделер сауабы мен обалы,
Бейілдің кең шақтары екен о-дағы.
... Акку көрсем елестетем әжемді,
Жанға жайлы мейір лебі соғады.

ҒАШЫҚСЫЗ ӨМІР

Қайдағы бір қазымыр қайғы,
Көкірегімнің сазын ұрлайды.
Кешегі күнім қызығын қимай,
Бүгінім оны тағы бұлдайды.

Кешегі өмір көшіндегі арман –
Сағымдай еді есілген алдан.
Деуші едім албырт сезімдерім де,
Гүл терген қырдың төсінде қалған.

Тұратын ылғи өрттен өленім,
Неге оны бүгін дертке көсемін?
Сағым боп сезім, наз айтса жүрек,
Өзімді - өзім зерттемегенім.

Зерттемегенім, құнттамағаным,
Өзіме сенбей, жұртқа нанамын.
Ғашықсыз өмір – батқан корабль,
Қалайша оны құтқара аламын?!

УАҚЫТҚА ТІЛЕК

Жортқаныммен жағалай өзенінді,
Мейір шөлі талдырды өзегімді.
Кімдер жанын ақынның сезе білді,
Жазғырайын қалайша өз елімді!
Төзбесімді білмеймін, төзерімді –
Күйкі – күйбең алдымнан орағытып,
Күтуменен келемін кезегімді.

Көлбеңдеді міне алдан тағы сағым,
Жеткенімнің биік деп бәрі шағын.
Мықты қалып, ұсақпен алысамын,
Жылмандайды қасапша кәрі шалың.
Дара ғой деп шаламен танысамын.
Сұмпайыға сүріне, құлап-тұрып,
Өзіңменен қалайша жарысамын?!

Жамандарға жанымды жаншылатып,
Қарауларға мөлітпе хал сұратып.
Ата алмасам асықты алшылатып,
Өкпелемен төпеген қамшына түк.
Мандай терін енбектің тамшылатып,
Қуанамын ілесіп жүрер болсам,
Бауырыңа сен мені алшы, уақыт?!

МҰҚАҒАЛИ ТУҒАН КҮН

Бүгін Мұқағалидың туған күні,
Әділеттің салтанат құрған күні.
Жалғыздықтан арылып жапандағы
Хан-Тәңірі масайрап тұрған күні.

Сар далама атқанда ақ таң күліп,
Таңырқапты еткендер Хақтан күдік.
Ояныпты бір Сенім қазағымның
Жүрегiнiң түбiнде жатқан бұғып.

Көкке қарап Көк Бөрі ұлығанда,
Көк Түріктің шалқыпты туы да алдан.
Асан Қайғы оянып мәңгі ұйқыдан
Басын дереу жастықтан жұлып алған.

Самғайтынын сезіп бір жыр көгінде ер,
Аунап түскен көрінде Күлтегіндер.
Әлдеқандай дәуірлер келеді деп,
Сыбырлапты сайтанға үркек үндер.

Бір кеш пенен бір кештің арасында,
Тыныш күні айналып борасынға.
Сары сайтан сабырсыз шарқ ұрыпты
Жын жайлаған қазақтың даласында:

«Деген едім шаруасын тындырып ем,
Мәді шықты мәңгілік үңгірінен.
Тажалға бұл мен айла қыла алмаспын,
Өлмесе егер шайнасып бір-бірімен».

Қайғы бұлты торлаған даланы кең,
Бодан күнім, сен неткен қара күн ең!
Әлі күнге келемін арыла алмай,
Санадағы сол жынның әлегінен!

... Сен туған күн қазақтың ақ күні екен,
Ырзалықтан бусанып жатты мекен.
«Үйірімен үш тоғыз»,
Бағын қазақ
Тоғызында ақпанның тапты ма екен?

Жүректерге тұтасқан әр тамыры,
Шідерге қас халқымның тарпаң – ұлы.
«Мұқағали» дегенде елестейді
Күзетіндей даламның Хан-Тәңірі.

Тылсым тербеп сыймайтын ұғымға көп,
Тағзым еттім ол қонған тұғырға кеп.
Қайсар қыран қиядан көз алмайды,
Қанат жайған сол ма екен туымда көк?

Жанды әйтеуір бір өксік бұған бүгін,
Ұлылық боп тірілді жұлған гүлім!
Тәуелсіздік таңының шапағы деп
Ұғамын Мұқағали туған күнін!

КӘКІТАЙ

Арға балап дана Абай атты ардағын,
Жаңа ғасыр әлдилеп жатты арманын.
Сол бір шақта Кәкітай білді ме екен
Қандай ұлы міндетті атқарғанын?!

Бүгін соны мақтаныш ете ме елі?
Сол ғой іні парызын өтегені.
Дабыл — ғасыр басында жай тапқызбай,
Қандай мақсат оны алға жетеледі?!

Елжіреумен еске алам бүгін оны,
Еркелеткен Абайдың іні — шоңы —
Болмағанда Кәкітай
Әуезовтің
Жазылмас еді, бәлкім, ұлы томы.

Дегенмен қанша адымды санап бастық,
Санамен қиял жетер жыраққа астық.
Жерде қалмай асыл сөз,
Бізге жеткен —
Осында жатыр мәңгі сабақтастық.

ЖОЛБАРЫСТЫҢ ЖОЛАҒЫ

Жазықты емес құлақ та,
Жазықты емес көрген көз.
Сағымдай боп жырақтан,
Түске кірді түнімен.
Әр қамыстың түбінен
Бір жолбарыс өрген кез.
Толағайдай тұлғалы,
Таудай алып көлемді,
Батыр бопты ұлдары,
Жолбарысы көп елдің.
Ал бүгін сол жануар,
темір тордан марғаулана қарады.

Жалыны жоқ баяғы аянышты жанары.
Дегенменен тұқымы
Құрып біткен жоқ әлі.
Керегі не кайғының?
Жігерсіздің жүрегіне сан діріл
салады әлі терісінің жолағы.
Сол жолағы әйгілейді айбынын.
Сенемісің осыған —
Кездерімде жасыған келсе мысық қасыма,
«Тұқымы деп тектінің»
Сипап қоям басынан.
Сипаймын да басылам
Жетіскенім осы ма?!
Жана қазақ сарайының төрінен
тері көрдім керілген.
Иә, кәдімгі жолбарыстың терісі ...
Иен байлық иелері бүгінде
Ерлікпенен болмаса да көп ісі,
ердің даңқын иемденбек көбісі.
Сәндік үшін ілсе төрге терісін,
Жолбарысқа құрметі ғой деменіз ...
Ұлы Рухтың жеңіліс пен жеңісі
таразыланбағанның бұл жемісі.
Бүгінгі ұрпақ Махамбетті еске алса,
кесілген бас елестейді көзіне.
Барыстықтың үлесі — кесілген бас боп қалса,
Сұрақ қоям өзіме:
«Жасықтық пен ездікке,
теңсіздікке көкіректе кек толса;
санасында ұрпақтың
Көрсө содан өмірінің мұратын, сол кек мәңгі сақталса,
өліміне өкінер ме еді ұлы ақын?!»
Қалай тұрам толғанбай,
Қандасым-ай сормандай!
Төріндегі жолбарыстың терісі —
Махамбеттің басын іліп қойғандай!
Айта алады ертеңінді болжап кім?
Төріндегі сол тері
түсірді еске шегіренін Бальзақтың.

Өзгелерде ісім не?
Бір алапат дауыл тұрды ішімде.
Сезім — мәңгі.
Болса да қай пішінде
Поэзия әлі де өз күшінде.
Барыс мінез арыстарым
Бас имеймін дауылға аз да болса барында,
шағылмайды тауым да!
Ұлы Рухтың қорғансыздау шағында
Сенім артам Дарынға.
Өлең-жырдың кену үшін өрісі
«ақынмын» деп жүргендердің көбісі.
Жөн болар еді іліп қойса төріне
Шегіреннің терісін!
Әр жасық жыр жазылғанда сол тері
Өлеңінің көлеміндей қысқарса,
Сондай ғажап іс болса!
Терідейін қусырылса ертеңі,
патша — сөзге үлкен жауаптылықпен
қарар ма еді ел, тегі ...
бірақ менің ұлы сенім — ұраным.
Жеті тамшы су адал,
адал, демек, поэзия бұлағы.
Жүректерде Мұқағали тірі әлі,
Төлеген де тірі әлі.
Нармаханның өр тұлғасын көргенде,
Ой-санамда бір сағыныш тұнады.
Маралтайдың ертеңі —
Бақытжанның ертеңі —
Сол ағалар сенімінің шырағы.
Оу, поэзия пырағы!
Толы мынау тартысқа,
Ұлтқа қауіп бар тұста,
Тәрік етпей өмірді,
Селдіретпей сезімді,
Серік етіп төзімді,
Қуанамын келгеніңе алпысқа!

ТЕНДЕР – ТАҒДЫР ҚҰЛЫМЫН *немесе өлеңмен жазылған фельетон*

Құпиясын көп істің біле алмадым,
«Адаммын» деп, әйтеуір ұрандадым.
Пендесіне бас имей жүруші едім,
Қолында деп тағдырым бір Алланың.

Заман бар ма жаңалық ендірмеген?
(Алла орынсыз зауалын төндірмеген).
Жаратылыс заңдарын бұзып-жарып,
Бір сұмпайы сөз шықты «тендер» деген.

Қандай күндер тұр мені күтіп алдан?
Кеше гөр болса сөзім күпір, Аллам!
Реттейтін сияқты тағдырымды,
Бір «періште» тендерде ұтып алған.

Санаулы дем біткенше өрістемін,
Бәрі де қолында сол «періштенің».
Тендер заңы солай ғой,
Тұқыртады
Шарт емес келісуім, келіспеуім.

Солай демей не дейін,
Кіріптармын!
Біреуі алды атуын күліп таңның.
Төрт мезгілді төртеуі реттейді,
Күн кешуді тендерсіз ұмытқанмын.

Біреуінің қолында «денсаулығым»,
Біреуінің қолында «он саулығым»,
«Ақ жаулығым» қасымда
Әл-әзірше ...
Одан өзге тендермен құрсаулымын.

Төгіп салдым алдына бар мұңымды,
Күтумен жасаймын жарлығыңды.
Алтын көрсе «періште» жолдан таяр,
Реттеші, Алла, өзің тағдырымды?!

ЖОЛ АЙРЫҒЫ

Бой алдырмау мүмкін бе қайғы-мұңға,
Әлденеден жүрегім шайлығыуда.
Сездім анық мен бүгін
Өмір бойы
Тұрғанымды жолдардың айрығында.

Тереңдегі астасқан сырымменен,
Шымылдығы көп ойдың түрілмеген.
Түкіпірінде жүректің бүлкілдейді
Өкініші жолдардың жүрілмеген.

Шырқалмаған қаншама ойлап әнді,
Көңіл біраз шабытты қайраған-ды –
Сол жолдарда татпаған несібе мен
Кездеспеген қаншама бейне қалды!

Шексіздікпен алысып арыдың ба?
Тірлік мәні – бір сәттік жарығында.
Соны ұққанда
Өмір мен өлім дейтін
Екі жолдың тұрасың айрығында.

ШІРКІН ӨМІР

Өмір дейтін қимайды құрғырды ешкім,
Сәттерің бар, келетін мың күн кешкің.
Бастарсың да бір әнін тіршіліктің
Қайырмасын қайырып үлгермессің.

Атып келер ұрпақтың жаңа таңы,
Шырылдайды жас өмір балапаны.
... Үлгергенше сен еніп қабіріңе,
Тағы бір топ ізіннен баратады.

«Сен» де, «мен» де демелік,
Ыршымалық.

Мәңгіліктің қайтеміз тынышын алып,
Ұрпағыңның қалатын құлағында
Үлгерсе алсаң жарадың үн шығарып.

СОЛ БІР КЕШ

Артып, мейлі, салмағын тұрсын жылдар,
Жан әлдилер әр кеште бір сыңғыр бар.
Бір сиқыр бар сергітер сол сыңғырда,
Сол сыңғырдан туылар тылсым-жырлар.

Сол сыңғыр – асулардан жырды астырған,
Сол сыңғыр – мұңы бірді мұндастырған.
Сол сыңғыр – жырақтарды табыстырған,
Сол сыңғыр – шырақтарды сырластырған.

Көп тылсымның жұмбағы шешілмеді,
Жұмбақ қарас толқытты тосын мені.
Талай сыршыл жырларға арқау болар,
Сол сырлы кеш ақынның есіндегі.

Сыңғыр – сезім сиқырлай қарсы алған күн,
Жырмен толғап қызығын тауыса алған кім?
Сол сәт әлі санада сан жаңғырар,
Ақын әлі сол кешті аңсар, бәлкім ...

ӨМІР

Болғасын да жаздайын жайлы анамыз,
Қолымда деп тағдырым жайланамыз.
Мәпелеген жаз бойы жапырағын
Жел ұшырса долданар кейуана-күз.

Таратқанда төсінен құс базарын,
Үлгірмейді су айтып қысқа зарын.
Ақ кебінге әлемді орамақ боп
Зәрін шашқан не дерсің қысқа-залым!

Қақпақыл боп доптайын борандарда
Үмітпенен басасың қадамды алға.
Бірде ұмытып,
Қарайсың бірде бейжай
Сартап болған жандағы сары арманға.

Соғар деумен біздің де сағатымыз,
Қайсарлықпен алады дала тыныс.
Тонды жарып бәйшешек қылтияды –
Солай екен, жарығым, жаратылыс.

ӨЗ АРНАҒМЕН АҒА БЕР

Ағыстары үн қосқан жарасымға,
Ай шомылған арнаның жағасында
Терендегі сұңғыла сырымды айтсам,
Нанасың ба, қаперге аласың ба?

Ағы менен көзіңнің қарасында,
Үзік-үзік сөзіңнің арасында
Бұғып қалған,
Жүзінде ұйып қалған
Тұйықталған бір оймен қаласың ба?

Әлде арнамен өзге бір ағасың ба
(Талпыныспен дайынмын санасуға)
Ағар болсаң нәріңе зәру шөл көп
Қазағымның сусамыр даласында.

Тәнтілікпен тағдырға – жатқан шебер,
Аға бергін, торығам тоқталса өнер.
Тәңіріге жөні жоқ шағынудың
Біз секілді жалғыздар көп болса егер.

АМАНАТ

Қандырып шөлін замандар аққан арнадан,
Жүректер аз ба жұлдызға нұрын жалғаған.
Жанарларынан солардың түскен сәуле ғой,
Санамыздағы самала – ойлар самғаған.

Сағыныштардан – көкірегінді нұрлы еткен,
Сабылысқанда сезімдер балқып құрметтен.
Шақтарың бар ғой арғымағымен арманның,
Сахара сазын «Сарыарқа» қылып гулеткен.

Төбеннен сонда сарнап бір сырлы сарындар,
Шабытың тулап, тебіренетін шағың бар.
Осынау сәттен, осындай сағым-суреттен,
Алыпты қуат жердегі барша дарындар.

Бастауын алған бұлақтар барша жердегі,
Тұмалар бізді тереңдігімен тербеді.
Арнасын таппай, ағыстар жатса адасып,
Біздегі таудай талпыныстардың өлгені.

Аманат бізге ағадан алып, нар талап,
Өтерміз, бәлкім, бір өмір жүгін арқалап.
Төлегендердің төрдегі туын жықпасак,
Осыдан асқан бакыт жоқ бізге, Салтанат.

ӨМІР

Армансыз жастық тойын тойлағасын,
Алаңсыз күндерінді ойға аларсың.
Таң нұрына өмірдің қанбағандар
Тағдырына шағынып қайда барсын?

Бұл тірлікте қалайша жайланарсың?
Кәріліктен күйзеліп, қайғы аларсың.
Қалдырмаған белгісін жылдар үшін
Шіркін көңіл шағынып қайда барсын?

БИКТИКТИ АҢСАУ

Сағындым мен сендерді, биік шыңдар,
Ертегідей әжемнен ұйып тыңдар.
Тұрушы едін кеудене күн өргізіп,
Неге бүгін томаға тұйықсыңдар?

Ой мазалап,
Желіндей қара күздің,
Кеткені рас салынбай саған іздің.
Күйкі тірлік күйзелткен туыстардай,
Суысқан ба жыл өтіп ара біздің?!

Арман еді бір көру ар жағыңды,
(Қанша армандар көктемей қар жамылды...)
Терезеден танертең көз тастаймын
Күндіз сенің елемей бар-жоғыңды.

Алшақ қонған бүгінде еркім менен,
Түнде ғана рухыма серпін берем.
Бір келермін түбінде ...
Келіндердей
Кейуана шағында төркіндеген.

ПҮШАЙМАН

Есімде ессіз сенделген
Сонау бір жастық көктемі
Мән бермей қанша келгенмен,
Күйзелткен күндер көп мені.

Жетпей тұр сазы сол шақтың,
Сенде де сондай мұң бар ма?
Бақ іздеп бекер шаршаппын,
Үлбіреп өзің тұрғанда.

Өмірге енді ой-талғажау,
Уақытқа жетпес күш-айлаң.